

Э.С. Сейсенбиева^{1*}, Б.Т. Мырзақұлов²

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

²М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан.

E-mail: ¹Elka1975@inbox.ru, ²bauyrzhanmyrza@mail.ru

ORCID: ¹0000-0002-5198-9280, ²0000-0003-1205-456X

А. КЕМЕЛБАЕВА ПРОЗАСЫНДАҒЫ ДІНИ САНА МЕН ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕРДІҢ КӨРІНІСІ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі қазақ прозасының белгілі өкілі Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» және «Ғибадат» шығармаларындағы діни сана мен философиялық ізденістердің көрінісі талданады. Зерттеу барысында жазушы шығармашылығындағы дін, руханият, адам жанының терең қабаттары мен рухани жаңғыру мәселелері негізгі идеялық өзек ретінде айқындалды. Әдеби талдаудың өзегі ретінде алынған «Мұнара» романы мен «Ғибадат» әңгімесінде автордың діни-философиялық ойлау жүйесін, адамның ішкі әлемін ашудағы көркемдік шеберлігін танытатын маңызды шығармаларының бірі болып табылады. «Мұнара» романында Айгүл Кемелбаева теология ілімінің заңдылықтарын көркемдік тұрғыдан бейнелей отырып, жаратылыс иесінің мінсіздігі мен оның ең асыл бейнесі ретінде ажал ұғымын жан-жақты талдап түсіндіреді. Ажал мұнда тек өмірдің соңы емес, қайта рухтың мәңгілікке өтуін, адам болмысының кемелдікке ұмтылуын танытатын метафизикалық категория ретінде қарастырылады. Жазушы А.Кемелбаева «Ғибадат» әңгімесінде жаратушыны «Асылпана» деп атап, адамзатқа ортақ тажал, яғни өлім мен рухани сынақ туралы терең философиялық ой қозғайды. Шығармада Аллашылдық идея Құран аяттарымен дәлелді түрде баяндалып, сол идея қазақ халқының діни аңыз-әңгімелері мен салт-дәстүрімен тығыз байланыстырылады. Бұл тұрғыда автор исламдық құндылықтарды қазақ дүниетанымымен шебер сабақтастырып, ұлттық руханияттағы имандылық, тәубе, сабыр, кешірім ұғымдарын көркем бейнелер арқылы айқындайды. Зерттеу Айгүл Кемелбаева прозасының діни сана мен философиялық мәнін алғаш рет кешенді түрде зерделеп, оның діни ойлау жүйесін қазіргі қазақ әдебиетінің рухани аясында қарастырды. Жазушы А.Кемелбаева шығармаларындағы діни символдар мен философиялық ізденістердің көркемдік қызметі ашылып, жан-жақты талданды. Зерттеу нәтижелері қазақ әдебиетінде діни-философиялық бағыттағы прозаның қазіргі даму үрдісін тануға, рухани тақырыптарды ғылыми тұрғыда талдауға және әдеби дәстүр сабақтастығын айқындауға мүмкіндік береді.

Алғыс: ҚР ҒЖЖБМ Ғылым комитеті қаржыландырған АР26197523: «Дін және әдебиет: қазақ поэзиясы мен прозасындағы діни үрдістер (1991-2024)» жобасы аясында жазылды.

Кілт сөздер: діни сана, философиялық ізденіс, руханият, герменевтика, символ, қазақ прозасы, экзегетика, экзистенциализм.

E.S. Seisenbiyeva^{1*}, B.T. Myrzakulov²

¹Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

²M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹Elka1975@inbox.ru, ²bauyrzhanmyrza@mail.ru

ORCID: ¹0000-0002-5198-9280, ²0000-0003-1205-456X

THE MANIFESTATION OF RELIGIOUS CONSCIOUSNESS AND PHILOSOPHICAL INQUIRY IN THE PROSE OF A.KEMELBAEVA

Abstract. This article analyzes the reflection of religious consciousness and philosophical quest in the works of the outstanding representative of modern Kazakh prose Aigul Kemelbaeva “Munara” and “Ghibadat”. In the

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Э.С. Сейсенбиева, Б.Т. Мырзақұлов. А. Кемелбаева прозасындағы діни сана мен философиялық ізденістердің көрінісі // "Керуен". - 2026. №2, (91-том). - Б. 184-196. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.2-12>.

course of the research, the main ideological pillars were identified issues of religion, spirituality, the deep layers of the human soul and spiritual rebirth in the writer's work. The novel "Munara" and the novella "Ghibadat", taken as the basis of literary analysis, are among the most important works of the author, demonstrating religious and philosophical thinking, artistic skill in revealing the inner world of man. In the novel "Munara", Aigul Kemelbaeva creatively reflects the principles of theological thought, illustrating the perfection of the Creator and interpreting death as His supreme manifestation. Here, death is not represented as the end of life, but as a metaphysical category that symbolizes the soul's transition into eternity and humanity's striving for spiritual perfection. In the short story "Ghibadat", the author refers to God as "Asylpana" (The Noble Refuge) and develops profound philosophical reflections on death and the spiritual trials shared by all humankind. The idea of divine devotion (Allashylyq) is substantiated through direct references to Qur'anic verses, which are skillfully interwoven with Kazakh religious legends and traditional beliefs. In this synthesis, Kemelbaeva harmoniously blends Islamic values with the Kazakh worldview, artistically illuminating such moral-spiritual concepts as faith, repentance, patience, and forgiveness. For the first time, the study comprehensively studied religious consciousness and the philosophical essence of Aigul Kemelbaeva's prose and examined her system of religious thinking in the spiritual context of modern Kazakh literature. The artistic activity of religious symbols and philosophical research in the works of the writer A. Kemelbaeva is revealed and comprehensively analyzed. The results of the study allow us to recognize the current trends in the development of religious and philosophical prose in Kazakh literature, scientifically analyze spiritual themes and determine the continuity of literary traditions.

Acknowledgements: The article was written within the framework of the project AP26197523 project: "Religion and Literature: Religious Trends in Kazakh Poetry and Prose (1991-2024)", funded by the Science Committee of the Ministry of Higher Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: religious consciousness, philosophical quest, spirituality, hermeneutics, symbol, Kazakh prose, religion, existentialism.

Э.С. Сейсенбиева^{1*}, Б.Т. Мырзакулов²

¹Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан

²Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

E-mail: ¹Elka1975@inbox.ru, ²bauyrzhanmyrza@mail.ru

ORCID: ¹0000-0002-5198-9280, ²0000-0003-1205-456X

ПРОЯВЛЕНИЕ РЕЛИГИОЗНОГО СОЗНАНИЯ И ФИЛОСОФСКИХ ПОИСКОВ В ПРОЗЕ А.КЕМЕЛБАЕВОЙ

Аннотация. В данной статье анализируется отражение религиозного сознания и философских исканий в произведениях выдающегося представителя современной казахской прозы Айгуль Кемелбаевой «Мунара» и «Гибадат». В ходе исследования основными идейными стержнями были определены вопросы религии, духовности, глубинных слоев человеческой души и духовного возрождения в творчестве писателя. Роман «Мунара» и повесть «Гибадат», взятые в основу литературного анализа, являются одними из важнейших произведений автора, демонстрирующих религиозно-философское мышление, художественное мастерство в раскрытии внутреннего мира человека. В романе «Мунара» Айгуль Кемелбаева художественно интерпретирует законы теологической науки, раскрывая идею совершенства Творца и всесторонне осмысляя категорию смерти как его высшее проявление. Смерть представляется здесь не как конец земного пути, а как метафизическая категория, символизирующая переход духа в вечность и стремление человеческого существа к духовному совершенству. В рассказе «Гибадат» писательница называет Создателя «Асылпана» («Высшее Прибежище») и развивает глубокие философские размышления о смерти и духовных испытаниях, общих для всего человечества. Аллашильская идея в произведении раскрывается через цитаты из Корана и органично связывается с казахскими религиозными преданиями, народными обычаями и традициями. Таким образом, автор искусно сочетает исламские ценности с национальным мировоззрением, художественно воплощая понятия веры, покаяния, терпения и прощения как основы духовной гармонии человека. Исследование

впервые комплексно изучило религиозное сознание и философскую сущность прозы Айгуль Кемельбаевой и рассмотрело ее систему религиозного мышления в духовном контексте современной казахской литературы. Раскрыта и всесторонне проанализирована художественная деятельность религиозных символов и философских изысканий в произведениях писателя А. Кемелбаевой. Результаты исследования позволяют признать современные тенденции развития прозы религиозно-философской направленности в казахской литературе, научно проанализировать духовные темы и определить преемственность литературных традиций.

Благодарности: Статья написана в рамках проекта AP26197523: «Религия и литература: религиозные тенденции в казахской поэзии и прозе (1991-2024), финансируемого Комитетом науки Министерства высшего образования и науки Республики Казахстан.

Ключевые слова: религиозное сознание, философские поиски, духовность, герменевтика, символ, казахская проза, экзегетика, экзистенциализм.

1. Кіріспе

Қазіргі қазақ әдебиетінде өзіндік көркемдік әлемі мен діни-философиялық ойлау жүйесімен танылған жазушылардың бірі – Айгүл Кемелбаева. Жазушы прозасы философиялық тереңдігімен, мифопоэтикалық ойлау жүйесімен, символдық бейнелеу тәсілдерімен және рухани-метафизикалық мәселелерді көтеруімен ерекшеленеді. Оның шығармаларында діни сана дәстүрлі конфессиялық ұғымдар шеңберінде ғана емес, адамның ішкі рухани тәжірибесі, болмыс туралы толғанысы, экзистенциялық күйзелісі арқылы көркемдік тұрғыда танылады.

А.Кемелбаева прозасында Алла ұғымы «Асылпана», сенім мәселесі, тағдыр мен ерік, өмір мен өлім, рух пен тән арақатынасы философиялық деңгейде пайымдалып, кейіпкердің ішкі әлемі арқылы ашылады. Жазушы А.Кемелбаева көркем прозада діни-рухани танымды символ, ұлттық дүниетаным мен әлемдік философиялық ойлау дәстүрін сабақтастыра бейнелейді. Бұл ерекшелік А.Кемелбаева шығармашылығын қазіргі қазақ прозасындағы рухани-философиялық бағыттың маңызды көрінісі ретінде бағалауға мүмкіндік береді.

Мақалада біз негізге алып отырған көркем мәтіндерді экзегетикалық және герменевтикалық бағытта талдау әдіснамасы қазақ әдебиеттану ғылымында дамып келе жатқан өзекті салалардың бірі деуге болады. Ал әлемдік әдебиеттануда экзегетикалық дәстүр дін тарихы, Құран желілері мен хадистер негізінде ислами құндылықтарды ұғындыруды көздейтін ауқымды рухани бағыт ретінде орныққан. Бұл бағытты қазақ әдебиетінде зерттеуші ретінде осы мақала авторы әдеби мұрадағы дін негіздерін ұғындыру үрдісінің тарихи-көркемдік алғышарттарын ғылыми жүйеде саралап берген болатын (Сейсенбиева, 2023), (Seisenbiyeva, E., Madibaeyva, at all. (2022). Көркем шығармалардағы діни сана мен рухани ізденістерді талдауда мәтіннің ішкі философиялық және онтологиялық қабаттарын ашуға жұмылдырылатын бұл әдістер А.Кемелбаеваның шығармашылығының басты ерекшелігін айқындауда тиімді болғандығын зерттеу барысында байқай алдық.

Қазіргі қазақ прозасындағы А.Кемелбаеваның шығармашылығы әдебиеттанушылар тарапынан әртүрлі қырынан зерттеліп келеді. Ғалымдар оның прозасын көбінесе мифопоэтика, символика, нарратология және постмодернистік эстетика тұрғысынан талдаған. Мәселен, зерттеушілер А.Кенжебаева мен Ж.Шынарбекова қаламгер шығармаларындағы («Күміс инелер», «Тобылғысай», «Ағаш ұй»),

«Алмұрт», «Қияда», т.б.) символды қолдану ерекшеліктерін қытай жазушысы Эми Тан прозасымен салыстыра отырып қарастырады (Кенжебаева мен Ж. Шынарбекова, 2019). Аталған зерттеуде жазушының шығармаларында су стихиясы, қараңғылық, жаңбыр сияқты табиғат құбылыстарының әйел жанының құпия қалтарыстарын, үрейі мен психологиялық толғаныстарын берудегі мистикалық және гротескшілік қызметі ашып көрсетіледі. Ал жазушының біз зерттеуімізге өзек етіп отырған «Мұнара» романы мен «Ғибадат» әңгімесі де бірқатар ғылыми еңбектердің нысанына айналған болатын. «Мұнара» романын ғалымдар А.Жутаева мен Ө.Әбдиманұлы қазіргі қазақ романының үлкен жетістігі ретінде бағалап, онда жаңа заманға сай мәдениетті кейіпкер образының (жаңа қазақ адамының) қалыптасып келе жатқанын постмодернизм көріністері аясында талдаған (Жутаева, Әбдиманұлы, 2019:51). «Ғибадат» әңгімесіндегі ислами құндылықтар мен діни мотивтерді Г.Балтабаева қазіргі қазақ әңгімелеріндегі діни құндылықтарды саралау барысында қарастырады. Ғалым «Ғибадат» әңгімесінің лейтмотиві Жаратушыға деген махаббат екенін, жазушының Алланы «Асыл пана» деп ұлықтағанын және қазақтың ұлттық аңыздарындағы «тажал» (ақырзаман) ұғымын Құран сүрелерімен шебер ұштастырғанын атап өтеді (Балтабаева, 2021). Сонымен қатар, зерттеуші А.Б. Абдуллина өз еңбегінде «Ғибадат» әңгімесін ұлттық код пен халықтық таным негізінде талдап, шығармадағы діни мотивтің басты мағыналық константа ретінде адамның рухани негізін, өлім мен өмір философиясын және жаратушыны танудағы талпынысын көрсететінін дәйектеген болатын (Абдуллина, 2024: 144-146).

Жоғарыда аталған зерттеулердің құндылығына қарамастан, А.Кемелбаеваның «Мұнара» және «Ғибадат» шығармаларын тікелей діни сана мен философиялық ізденістер тұрғысынан арнайы, кешенді түрде зерттеу мәселесінде елеулі ғылыми саңылау бар. Бұған дейінгі ғылыми еңбектерде жазушы прозасы постмодернистік эстетика, символика немесе жалпы ұлттық код шеңберінде талданғанымен, оның шығармаларындағы діни сана мен философиялық ізденістер тұтас көркемдік-экзистенциалдық жүйе ретінде арнайы зерттелмеген. Көп жағдайда бұл туындылардағы діни-рухани мәселелер жекелеген эпизодтар немесе образдар аясында ғана сөз болып, олардың авторлық дүниетанымдағы концептуалдық мәні мен онтологиялық негіздері экзегетикалық-герменевтикалық тұрғыдан терең ашылмаған күйде қалып отыр. Осы ғылыми олқылықтың орнын толтыру аталған шығармалардағы діни сана мен философиялық ізденістердің көркемдік табиғатын, идеялық-мағыналық жүйесін анықтау қазіргі қазақ прозасындағы рухани ізденістердің сипатын терең түсінуге және ұлттық әдеби ойлаудың дүниетанымдық дамуын айқындауға зор мүмкіндік береді. Осыған байланысты мақаланың өзектілігі А. Кемелбаева прозасындағы діни сана мен философиялық ізденістердің көркемдік табиғатын, идеялық-мағыналық жүйесін анықтау қажеттілігімен негізделеді.

Мақаланың мақсаты А.Кемелбаева прозасындағы діни сананың көрінісін және философиялық ізденістердің көркемдік бейнелену ерекшеліктерін талдау арқылы жазушының авторлық дүниетанымын айқындау және оны қазіргі қазақ әдебиетіндегі рухани-философиялық бағыт контекстінде бағалау.

Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

- діни сана ұғымының әдеби-философиялық мәнін айқындау;
- А.Кемелбаева прозасындағы діни мотивтер мен философиялық идеяларды талдау;
- кейіпкер санасындағы рухани ізденістердің көркемдік тәсілдерін анықтау;
- жазушы шығармаларындағы діни-философиялық концепцияның ұлттық дүниетаныммен байланысын көрсету;
- қазіргі қазақ прозасындағы рухани-философиялық бағыттың даму ерекшеліктерін айқындау.

Зерттеуде мәтіндік талдау, герменевтикалық, концептуалдық және философиялық-әдеби талдау әдістері қолданылды. Бұл әдістер жазушы прозасындағы діни сана мен философиялық ойлау жүйесінің көркемдік құрылымын жан-жақты ашуға мүмкіндік береді.

Жұмыстың ғылыми құндылығы, әрі жаңалығы А.Кемелбаева прозасындағы діни сана мен философиялық ізденістерді алғаш рет экзегетикалық-герменевтикалық тұрғыда кешенді талдап, қазіргі қазақ әдебиетіндегі рухани-интеллектуалдық бағыттың көркемдік табиғаты мен онтологиялық негізін айқындауында. Айгүл Кемелбаева шығармалары адам рухының биіктікке ұмтылысын, сенім мен үміттің, тәубе мен кешірімнің көркем синтезін паш етеді. Оның «Мұнара» мен «Ғибадат» туындылары қазақ әдебиетіндегі діни-философиялық ойдың жаңа белесі, рухани ізденістердің көркемдік өрнегі болып табылады.

2. Материалдар мен әдістер

2.1. Зерттеу әдістері

Мақалада Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романы мен «Ғибадат» әңгімесіндегі діни сана мен философиялық ізденістердің көркемдік табиғатын айқындау мақсатында герменевтикалық және экзегетикалық талдау әдістері негізгі әдіснамалық ұстаным ретінде алынды. Аталған әдістер мәтіндегі діни-рухани мазмұнды авторлық дүниетаным тұрғысынан пайымдап, көркем мәтіннің дүниетанымдық және идеялық жүйесін ашуға қызмет ететін басты әдіснамалық негізді құрады.

Зерттеуімізде экзегетикалық әдіс көркем мәтінде кездесетін (өмір, өлім, иман, ғибадат, мінәжат, тағдыр және рухани кемелдену) діни концептілердің Құран аяттары мен хадистердегі бастапқы мағыналарымен салыстырылып, олардың көркем мәтіндегі қайта тұжырымдалу ерекшеліктерін анықтау үшін қолданылды. Экзегетикалық талдаудың бастапқы кезеңінде мәтіндегі діни концептілер анықталып, олардың исламдық теологиядағы орны мен көркемдік қызметі сараланды. Осы кезеңнен соң оған сәйкес Құран аяты немесе хадис іріктеліп, олардың мағыналық және дүниетанымдық сабақтастығы салыстырылды. Талдаудың соңғы бөлігінде көркем мәтіндегі авторлық тұжырымдау ерекшелігі айқындалды.

Экзегетикалық талдау герменевтикалық зерттеулермен ұштастырыла отырып, мәтіндегі символдар мен метафоралардың, авторлық баяндаудың және кейіпкердің рухани тәжірибесінің мағыналық қабаттарын ашуда қолданылды. Осы әдіс арқылы «Мұнара», «Асылпана», «ақ өлім», «тажал», «соңғы намаз оқитын шал» сияқты символдық образдардың көркемдік қызметі авторлық дүниетаным және исламдық философия аясында түсіндірілді.

Сонымен қатар зерттеуде мәтіндік талдау да теориялық ұстын ретінде пайдаланылды. Бұл әдіс шығармалардағы авторлық баяндауды, көркем детальдарды, символдық бейнелерді және діни концептілердің мәтін ішіндегі қызметін нақты мәтіндік үзінділер негізінде талдауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің теориялық тұжырымдарын жүйелеуде концептуалдық-философиялық талдау әдісі басшылыққа алынды. Осы әдіс арқылы шығармадағы өмір мен өлім, рух пен тән, сенім мен күмән, тәубе, жауапкершілік, рухани кемелдену сияқты философиялық категориялардың автор пайымдауындағы орны анықталды. Аталған әдістердің сабақтастықта қолданлуы А.Кемелбаева прозасындағы діни сана мен философиялық ізденістердің көркемдік табиғатын кешенді түрде талдауға және жазушы шығармашылығының қазіргі қазақ әдебиетіндегі рухани-зияткерлік орнын анықтауға мүмкіндік берді.

2.2. Материалға сипаттама

Мақалада негізгі зерттеу материалы ретінде Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» атты романы, «Ғибадат» әңгімесі алынды. Бұл шығармалар жазушының діни-философиялық дүниетанымы мен прозадағы көркемдік ізденістерін айқындауға мүмкіндік беретін негізгі көркем мәтіндер ретінде таңдалды. Қосымша зерттеу материалы ретінде Айгүл Кемелбаеваның шығармашылық ұстанымын айқындайтын сұхбаттары пайдаланылды.

Теориялық-әдіснамалық негіз ретінде экзегетика, герменевтика, әдеби герменевтика және діни мәтіндерді интерпретациялау мәселелеріне арналған ғылыми еңбектер қарастырылды. Зерттеуде исламдық дүниетаным, діни сана және философиялық ілім мәселелеріне арналған заманауи теологиялық еңбектер, философиялық зерттеулер, әдеби сын мен ғылыми мақалалар қосымша дереккөз ретінде басшылыққа алынды. Соның ішінде теологиялық негіздер ретінде Қасиетті Құран Кәрімнің «Ағраф», «Рахман», «Мүлік», «Ғафир» сүрелеріндегі аяттар мен сахих хадистер экзегетикалық талдауға дереккөз ретінде пайдаланылды. Бұл еңбектер жазушы прозасындағы діни-философиялық мазмұнды ғылыми тұрғыда пайымдау және теориялық негіздеу барысында қолданылды.

Осы мәтіндік материалдар жиынтығы А.Кемелбаева прозасындағы діни сана мен философиялық ізденістердің көркемдік табиғатын кешенді түрде талдауға, авторлық дүниетанымның рухани-метафизикалық қырларын жүйелі түрде ашуға негіз болды.

3. Талқылануы

Қазіргі қазақ прозасындағы діни-философиялық және экзистенциалдық бағыттағы көркем туындылар көптеп жазылуда. Алла-тағаланы дәріптеп, Пайғамбарлар мен сахабалар, періштелер өмірінен, адамзат үшін күні бүгінге дейін беймәлім, жұмбақ, тылсым дүние жұмақ пен тозақ туралы да біршама көркем шығармалар жарық көрді. Атап айтар болсақ, Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара», «Ғибадат», Д.Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар», «Мен сізді сағынып жүрмін», «Ібіліспен сүйісу», Р.Мұқанованың «Күнә», Т.Ахметжанның «Нобель сыйлығы», «Тозақ оты» шығармаларын жатқызуға болады.

Біздің зерттеуімізге негіз болып отырған Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романында теология ілімінің заңдылықтарын, Алланың мінсіздігін, имандылықты,

мұсылманның парызын, оның ең асыл бейнесі ретінде ажалды жан-жақты түсіндіруімен, Аллаға деген сеніммен көмкеріп берсе, «Ғибадат» әңгімесінде жаратушыны «Асылпана» деп алып, жалпы адам атаулыға тән тажал туралы философиялық ойды тереңнен қозғайды. Аллашылдық идеяны Құран аяттарымен дәл баяндай отырып, сол идеяны қазақтың салт-дәстүріндегі діни аңыз-әңгімелерімен шебер байланыстырып суреттеген.

«Мұнара» романы – әйел жанының, рухани жалғыздықтың, қоғам мен тұлға арасындағы тартыс, имандылық, жаратылыс иесінің мінсіздігін суреттеген көркем шығарма. Осы тұрғыдан шығарма герменевтикалық және экзегетикалық талдауға өте қолайлы нысан болып табылады. Жазушының «Мұнара» романының алғашқы «Бала күтуші» бөлімінде басты назар Мәскеу шаһары мен сол қаладағы студенттік өмірге аударылады. Шығармадан жазушының діни құндылықтары, ішкі әлемі, өмірлік ұстанымдарын байқаймыз, «Әркім өзі өмірін тілеп алады деген қисынды сөз. Бұл өзі кездейсоқтықты жоққа шығара алса да, жазмыштан озмыш жоқ екенін, шығасыға иесі басшы болмағын айғақтайды» (Кемелбаева, 2023:9). Автор шығарманың басында адам тағдыры Алланың қолында екенін білдіріп тұр. Романда автор Мәскеумен тікелей байланысты емес, әдебиет институтында білім алып жүрген Айжан есімді кейіпкер арқылы танысуы оқырманды да бірден қызықтыра түседі. Кейіпкер бейнесі арқылы сол кезеңдегі қоғамдық-саяси жағдай, кеңестік жүйенің соңғы жылдары мен КСРО-ның ыдырауы кезеңіндегі әлеуметтік ахуал көркемдік тұрғыда ашылады. Жалпы «Мұнара» романның тақырыбының өзі қазақ мәдениетінде биіктік, рухани көтерілу, жалғыздық пен оқшаулану нышанын білдіреді. Осы тұрғыдан алсақ, тақырып символды герменевтикалық тұрғыда талдағанда, ол адамның рухани эволюциясын және ішкі тазару жолын білдіреді. Романдағы басты кейіпкер Айжанның студенттік өмір жолында ішкі биіктікке ұмтылу мен сонымен қатар рухани құлдыраудың арақатынасын танытады. Мұнара материалдық құрылым ғана емес, рухтың, жанның кеңістігі, адамның өмірде өзін-өзі іздеу жолындағы рухани кеңістігі. Осы арқылы автор адам болмысының экзистенциалды мәселесін көтереді.

Шығармада Айжан образы рухани тұрғыдан берік, қиындыққа мойымайтын тұлға ретінде сипатталады. Ол бала кезінен Жаратқанға сенген, тағдырдың сынағына төзе білетін жан. Кейіпкердің «Құдайдың бір жақсылығы болмай қалмасына сендім» немесе «Алла нәпақасыз қалдырмайды» деген сенімі басқа елде жүрсе де Аллаға деген сенімі берік, оның ішкі күшінің негізгі қайнары (Кемелбаева, 2023:14). Шығармада кездесетін мұндай сөздер кейіпкердің ұлттық болмысына, қазақ халқының дүниетанымына сай берілген. Ал, ғылыми тұрғыдан алсақ, мұндай сенім адамға психологиялық тұрғыдан тірек болып, адамның өмірде күйзеліске берілмеуіне себеп болады.

Жазушы шығармада Айжанның студенттік өмірінің соңғы курсындағы аштық кезеңін нақты детальдар арқылы суреттейді. Оны шығарманың мына тұсынан байқауға болады: «Соңғы күндері астан өзге ештеңе ойлауға қабілетім жоқ болып кетті, дұрыстап құнарлы май ас жемей, еттен қағылған соң (қазақ баласы!), аш қарын өзге дүниеге аса мұқтаж емес.» (Кемелбаева, 2023:17) Айжанның ойында астан басқа ештеңе қалмауы, құнарлы тамақтың жетіспеуі, физикалық әлсіздік пен ой еңбегінің

қиындауы – бұл аштықтың физиологиялық және психологиялық әсерін көрсетеді. Мұнда әдеби интертекст те көрінеді: Кнут Гамсунның «Аштық» романын, Генри Миллердің шығармаларын, Эдгар По әңгімелерін еске түсіреді. Бұл әдеби сілтемелер кейіпкердің рухани әлемінің кеңдігін ғана емес, сонымен бірге оның өз тағдырын батыс, орыс, қазақ жазушыларының шығармаларындағы кейіпкерлер тағдырымен салыстыру арқылы түсінуге ұмтылысын білдіреді.

А. Кемелбаева романда өмір мен өлім, жаратылыстың тылсым күші туралы ой қозғай отырып, өмірдің адамзат үшін әлі де толық ашылмаған жұмбақ екенін көрсетеді. «...Өмір расында адамзатқа жұмбақ жасыра беруден жалықпайды, оның шешуі жарықтың арғы бетіндегі жарықта. Атауы өлім болса керек» (Кемелбаева, 2023:24) Бұл үзіндіде өлімді өмірге қарама-қарсы құбылыс ретінде емес, өмірдің құпия мәнін ашатын метафизикалық өткел ретінде бейнелейді. Осы ой исламдық дүниетанымдағы адамның өмірінің өлшеулі екендігі туралы түсінікпен үндеседі.

Құранның Ағраф сүресінің 34-аятында:

وَلِكُلِّ أُمَّةٍ أَجَلٌ فَإِذَا جَاءَ أَجْلُهُمْ لَا يَسْتَخْرُونَ سَاعَةً وَلَا يَسْتَعِذُّونَ

«Әр әлеуметтің белгілі бір мерзімі бар. Олар, сол мерзімі келген сәтте, бір дем кешікпейді де ілгерлемейді» (Құран Кәрім. Қазақша мағынасы мен түсінігі, 1991:154). делінеді. Аят адамның өмір сүру мерзімінің Алла тарапынан белгіленгенін және оның өзгермейтіндігін білдіреді. Романда бұл идея өмірдің өткіншілігін және өлімнің бұлжымас ақиқат екенін философиялық тұрғыдан пайымдау арқылы көрініс тапқан. Сонымен қатар, өмірдің «жұмбақ» ретінде берілуі адамның танымының шектеулілігін аңғартады. Осы тұрғыдан мәтін «Ол сондай Алла, ізгі іс жүзінде қайсыларың жақсы, сынау үшін өліммен тіршілікті жаратқан...» делінген «Мүлік» сүресінің 2-аятымен де үндеседі (Құран Кәрім. Қазақша мағынасы мен түсінігі, 1991:562). Бұл аятта өмір мен өлім бір-біріне қарама-қарсы құбылыстар ретінде емес, Жаратушы белгілеген тұтас болмыстық тәртіптің құрамдас бөліктері ретінде ұсынылады. Осыған сәйкес, қаламгер шығармасында да өлім өмірді жоққа шығаратын шек емес, адамның дүниелік танымынан тыс жатқан ақиқатқа бастайтын метафизикалық өткел ретінде көркемдік тұрғыдан түсіндіруге тырысады.

Жазушы шығармашылығындағы діни-философиялық желі оның «Ғибадат» әңгімесінде жалғасын табады. Шығармаға эпиграф етіп алынған Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ақылмен сенбей иман жоқ» (Кемелбаева, 2001:104) деген сөзі «Ғибадат» әңгімесінің басты өзегі, идеялық-танымдық кілті деуге болады. Осы эпиграф арқылы автор иманды соқыр сенім емес, ақыл мен таным арқылы қабылданатын рухани құндылық ретінде ұсынады. «Әр адамның бойындағы әлсіздікті мойындай білу арқылы ақиқатқа жетуге болатыны көркем жеткізілген. Адам баласының көркемдікке, мейірімге мұқтаж екенін, әр адам өз ақылымен құлшылық ету үшін жаралғаны жайлы топшылаулары қазақ халқының дін жайлы көзқарасын тереңдете түседі» (Абдуллина, 2024:143). Әңгіменің әрі қарайғы оқиғалары осы эпиграфта берілген дүниетанымдық ұстанымды көркемдік деңгейде дамытады. Автор өз әңгімесі жайлы: «Бұл әңгіменің лейтмотиві адам жаны рухани сенімге қалай ие болады, Құдайын қайтіп іздеп табады дегенге саяды. Адамды адам қылатын – иманы, тілі және санасы. Кез келген қоғамда биік мораль болуы керек», – дейді

(Кемелбаева, қаралды: 19.10.2025). Шығармада ислам дінінің негізгі қағидалары сақтала отырып, адамзаттың жаратылысы туралы ойлар, мұсылман дінінде Алла тағаланың 99 көркем есімі аталып, автор Алланы «Асылпана» деп атайды. Әңгімеде жасөспірім қыз баланың ауылда намаз оқитын кемпір-шал азайған сайын қорқатын ойы гуманизм мұраттарын биік қоятын әдебиеттің өз еншісі болып табылады. Бұл ойдың астарында имансыздыққа, мәңгүрттікке қарама-қарсы ой тұр. «Ауылда кемпір-шалдың азайып бара жатқаны ақырзамнның таянғаны шығар. ...Табиғи өлімге дауа жоқ. Мен асылы ажалдан емес, тажалдан қорқамын. Ауылда намазға жығылған соңғы шал өлгенде күніміз не болмақ?» (Кемелбаева, 2001:109). Бұл ой «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Алла тағала ілімді пенделерден тартып алмайды, оны ғалымдарды о дүниелік қылу жолымен тартып алар. Бірде-бір ғалымды тірі қалдырмағандықтан, адамдар өздеріне дінді түсінбейтіндерді бастық қылар, содан соң олардан сұрақ сұрар. Олар өздері білместен пәтуа айтып, өздері де адасар, өзгелерді де адастырар» (Әбу Абдулла Мұхаммед ибн Исмайл ибн Ибраһим Ибн Әл-Муғира Әл-Бұхари, 2005:66) деген хадисімен мазмұндық және дүниетанымдық тұрғыдан үндеседі. Осы тұрғыдан алғанда, Кемелбаева шығармасындағы «соңғы намаз оқитын шал» бейнесі белгілі бір адамның қазасын ғана емес, рухани білім мен имандылықтың қоғамнан біртіндеп жоғалуын білдіретін көркем символ ретінде қызмет атқарады. Кейіпкердің қорқынышы ажалдың өзіне емес, иманды ұстанатын, елге өнеге болатын адамдардың сиреуіне байланысты, яғни елдің ақылшысы мен тірегі саналатын үлкендердің сиреп бара жатқанын айтып, оны дүниенің азғындауы мен рухани құндылықтардың әлсіреуіне теңесе, қазақ дүниетанымында ақырзаман жақсылықтың азайып, жамандықтың көбеюі, үлкенге құрмет, кішіге ізеттің жоғалуы сияқты белгілермен байланыстырған. Жазушы осы арқылы ақырзаманды тек эсхатологиялық құбылыс ретінде емес, рухани құндылықтардың әлсіреуі мен иман иелерінің азаюы арқылы сезілетін қоғамдық құбылыс ретінде көркемдік тұрғыдан пайымдайды.

Адам баласы қартайып, ажал жетсе, оны тоқтата алмайды. Бұл тағдыр мен өмірдің заңдылығы. Ал «тажал» сөзін автор осы тұста діни-мифологиялық мәнде алған. Тажал – ақырзаман алдында келіп, адамзатты азғыратын, зұлымдықтың бейнесі, символы. Жазушы әңгімеде «Адамзат нәсілі жаратушы Алла тағалаға мінәжат етуден жаңылса, тоюды білмейтін, әрі ұзақ ашыққан тажал күн астындағы күллі мақұлықты түгел жалмайды, тірі қалдырмайды» (Кемелбаева, 2001:110) деп өлімнен емес, адамдықтың, имандылықтың жоғалуынан, зұлымдықтың үстем болуынан қорқатынын айтып тұр. Жазушының шығармадағы басты идеясы өлімнің өзі қорқынышты емес, адамдық пен ізгіліктің жойылуы ең басты нағыз қорқыныш. Шығармада автор «Тажалдан сақтайтын рақымы күшті бір Алла» (Кемелбаева, 2001:110) деп ақырзамандағы тажал сияқты зұлымдықтан, бүкіл жамандықтан тек жалғыз, рақымы мен күдіреті шексіз Алла ғана қорғай алады деген ұстанымды айтады. Осыған қоса, оның шарты қалтқысыз мінәжат етуде екенін жеткізеді. Бұл ой Құрандағы «Раббыларың: «Маған жалбарыңдар! Тілектеріңді қабылдаймын. Расында Маған құлшылық қылудан паңсығандар, олар қор болып, тозаққа кіреді»» (Құран Кәрім. Қазақша мағынасы мен түсінігі, 1991:474) делінген Ғафир сүресінің

60-аятымен мағыналық әрі дүниетанымдық сабақтастық құрайды. Автордың «қалтқысыз мінезат» туралы тұжырымы адамның Алламен байланысын үзбеуі ғана оны рухани күйреуден сақтайтынын меңзейді. Бұл пайымымызды автордың «Еске түсіріп қарасам, «Ғибадат» атты әңгімемде: «Ортодаксальды діндердің көркем әдебиеттен алшақ емес екені мені ерекше баурап алды», деп жазыппын. Расы сол. Орыс философы Владимир Соловьевтың діндердің мифологиялық табиғатын зерттеген эссесін оқысаңыз, әдебиеттің жаратылысында Тәңірге жалбарыну жатқанын ұғасыз. Мұнда ежелгі гимндер, Жаратушы иеге мадақ жатыр» деген өз пікірі бекіте түседі (Кемелбаева, 2020).

Жазушы әңгімеде өмір бар жерде өлімнің барын, Алланың хақтығын, дін мен ділді, парасаттылықты, Алла мен Пайғамбарды (с.ғ.с.), «Аллаға мойынсұну, Мұхаммед (с.ғ.с.)-тің сөзіне илану», Құранға күмән келтірмеу, имандылықты жазады. Адами құндылықтар мәселесін, имандылықты Айгүл Кемелбаева адамға түрлі ой сала отырып береді. Мәселен, оның бала кезіндегі нағашы апасының көз алдында ылғи намаз оқып, ал нағашы атасының ешкімге зиянсыз кісі екендігі, өмірінде қатты сөз айтпағанын, апасының бес уақыт намаз оқып, Аллаға жалбарынуы, оны дінге деген білімін кеңейтті. Автор адам өмірінің өткіншілігін табиғи құбылыс ретінде ғана емес, адамның рухани кемелденуіне бастайтын жол ретінде пайымдайды. Нағашы атасының бейнесі арқылы жазушы исламдағы ізгі мұсылманның көркем бейнесін жасайды. «...Аланың абыройлы ақ өлімі ала жіптен аттамаған адамды адалдықтың арқаны ұзын болады, соның үшін бұйырады. Өйткені әркім өзінің пиғыл-пейіліне бағып еншілейді» (Кемелбаева, 2001: 105). деген тұжырымда адамның ақырғы тағдыры оның дүниедегі әлеуметтік дәрежесіне емес, ішкі рухани болмысына, ниеті мен адал өміріне тәуелді екендігі көрінеді. Мұндағы «ақ өлім» ұғымы өлімнің атауы емес, иманмен, адалдықпен өткен ғұмырдың рухани қорытындысын білдіретін этикалық-діни санат ретінде көрінеді. Бұл ой исламдағы амал мен ниеттің бірлігі туралы қағидамен үндеседі. Пайғамбардың (с.ғ.с.) ««Амалдар ниетке байланысты қабыл етіледі. Кім қандай ниетте болса, соған жетеді» (Әбу Абдулла Мұхаммед ибн Исмайл ибн Ибраһим Ибн Әл-Муғира Әл-Бұхари, 2005:39) деген хадисі адамның іс-әрекеті сыртқы көрінісімен емес, оның ішкі ниетімен бағаланатынын көрсетеді. Кейіпкердің «әркім өзінің пиғыл-пейіліне бағып еншілейді» деуі осы қағиданың көркемдік шығармада жаңғыруы іспетті. Автор исламдық ұстанымды дайын діни қағида ретінде қайталамайды, оны кейіпкердің өмірлік тәжірибесі арқылы көркем ақиқатқа айналдырады. онымен бірге шығармадағы өлім мотиві Құрандағы өмірдің өткіншілігі туралы түсінікпен де сабақтасады. Құранның Рахман сүресінің 26-аятында: «БҮКІЛ жер жүзіндегілер түгейді» (Құран Кәрім. Қазақша мағынасы мен түсінігі, 1991:532) деп айтылуы адам өмірінің уақытша екендігін білдіреді. Алайда А.Кемелбаева бұл ақиқатты тек өмірдің аяқталуы ретінде емес, адамның бұл дүниедегі рухани сапасының сыналатын кезеңі ретінде қабылдайды. Сондықтан шығармадағы өлім қорқыныштың символы емес, адамның дүниелік өмірінің қорытындысы ретінде бейнеленеді.

Жазушының: «Адам баласы құлшылық үшін жаратылғанына өз ақылыммен жеткеніме бек ризамын... Жаратушы иемді өзімше елжірей сүйдім» деген тұжырымы

шығарманың философиялық өзегін ашады. Бұл жерде» өз ақылыммен жеткеніме» деген тіркес ерекше назар аударатын тұс. Автор иманды соқыр еліктеу немесе сыртқы міндет ретінде емес, ақыл арқылы қабылданған саналы таңдау ретінде түсіндіреді. Осы тұста шығарманың эпиграфы болған Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ақылмен сенбей иман жоқ» деген сөзімен идеялық тұтастық айқындалады. Демек, шығармадағы ғибадат ұғымы сыртқы діни рәсімдердің жиынтығы емес, адамның ақыл, жүрек және сенім үйлесімі арқылы Жаратушыны тануына негізделген рухани кемелдену жолы ретінде көркемдік тұрғыдан пайымдалады.

Айгүл Кемелбаеваның «Ғибадат» әңгімесі экзегетикалық тұрғыдан адам мен Алла арасындағы рухани байланысты айтса, ал экзистенциализм тұрғысынан - адамның өмір мәнін еркін түрде, саналы сенім арқылы табуы бейнеленген. Жазушы адамзатты рухани ізденіске, Аллаға сүйіспеншілікпен құлшылық етуге, өз болмысын танып, өмірдің мәңгі мәнін ұғынуға шақырады. Әңгіме кейіпкері өзін-өзі тану арқылы Жаратушыға, Аллаға жақындайды. Ол Аллаға сенуді тек дін қағидасы деп емес, жүректен шыққан махаббат пен рухани тыныштық деп қабылдайды. Әңгімеде «Жаратушы иемді өзімше елжірей сүйдім» деуі иманның шынайы табиғатын, ішкі рухани ләззатты білдіреді. А.Кемелбаева шығармада тек намаз оқу немесе діни рәсім ғана еместігін, адамның жан тазалығы, мейірім мен сүйіспеншілік арқылы өмір сүруі ретінде түсіндіріледі.

4. Зерттеу нәтижесі

Зерттеу барысында Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» және «Ғибадат» шығармалары діни экзегетика тұрғысынан кешенді талданып, авторлық дүниетанымның көркем мәтін құрылымында берілу ерекшеліктері айқындалды. Талдау нәтижесінде кейіпкерлердің рухани түлеуі исламдық дүниетаным аясында қалыптасатыны, ал шығармадағы өмір, өлім, тәубе, иман, ғибадат, тағдыр, ақырет, жан тазалығы сияқты діни концептілердің көркемдік жүйенің негізгі өзегіне айналғаны анықталды.

Экзегетикалық талдауда жазушының Құран аяттары мен исламдық дүниетаным қағидаларын мәтінге тікелей көшіруді мақсат етпейтіні, оларды көркемдік-философиялық интерпретациялау арқылы жаңа мағыналық кеңістік қалыптастыратыны байқалды. Шығармаларда Құран аяттары мен хадистердің мазмұнымен дүниетанымдық және мағыналық сабақтастық түзетін көптеген көркем образдар мен символдар анықталды. Атап айтқанда, өмір мен өлімнің тұтастығы, адамның рухани кемелденуі, тәубе мен мінәжаттың мәні, имандылықтың қоғамдағы орны, ақыреттік жауапкершілік мәселелері исламдық теологиядағы негізгі ұстанымдармен үндесетіні дәлелденді.

«Мұнара» мен «Ғибадат» шығармалары арасындағы сабақтастықтың тек тақырыптық немесе идеялық деңгейде ғана емес, онтологиялық және аксиологиялық деңгейде де көрініс табатыны анықталды. Екі шығармада да адам болмысының мәні Жаратушы мен адам арасындағы қатынас арқылы ашылып, рухани кемелдену адамның өмірлік мақсаты ретінде ұсынылады. Сонымен бірге исламдық дүниетаным қазақтың дәстүрлі рухани құндылықтарымен сабақтастырылып, ұлттық мәдени кодпен табиғи үйлесімде берілгені айқындалды.

Осылайша, зерттеу нәтижесінде Айгүл Кемелбаева прозасының негізгі көркемдік ерекшеліктерінің бірі ретінде діни-философиялық мазмұнды символдық бейнелер,

метафоралар, арқылы тереңдетіп, көркем мәтіннің мағыналық тініне енгізуі екендігі анықталды.

5. Қорытынды

Жүргізілген зерттеу «Мұнара» мен «Ғибадат» арасындағы үндестік тек тақырыптық немесе идеялық емес, терең онтологиялық сипатта екенін көрсетті. Екеуі де қазіргі заман адамының рухани мәселесін, ислам дінінің заңдылықтарын көтереді, оны шешу жолдарын ұсынады. Бұл екі шығарма да қазақ әдебиетіндегі ұлттық руханияттың жаңғыруына қосылған үлес десек болады.

Жазушы Айгүл Кемелбаеваның шығармашылығы қазіргі қазақ әдебиетінде діни және философиялық ойдың жаңа белесін қалыптастырған құбылыс ретінде ерекше мәнге ие десек қателеспейміз. Жазушының «Мұнара» және «Ғибадат» туындылары діни сана мен адам жанының терең болмысын көркемдік тұрғыда талдаудың биік үлгісін көрсетеді. Жазушының шығармаларындағы басты идея адамның рухани тазаруы, сенім мен үміттің, тәубе мен кешірімнің мәнін аша білген.

«Мұнара» шығармасында автор теологиялық ұғымдарды көркем бейнелеу арқылы жаратылыс иесінің мінсіздігін және ажалдың адам өміріндегі рөлін ерекше философиялық деңгейде талдап көрсетеді. Мұнда ажал ұғымы қорқыныш емес, керісінше мәңгілікке өту мен рухтың кемелдікке жету сәті ретінде көрінеді.

«Ғибадат» әңгімесінде А.Кемелбаева Жаратушыны «Асылпана» деп атап, адамның өмір мен өлім арасындағы рухани күресін, Аллаға жақындау жолындағы сабыр мен тәубенің маңызын ашады. Шығармада Аллашылдық идеясы Құран аяттарымен негізделіп, қазақтың дәстүрлі дүниетанымымен шебер ұштасады. Автор исламдық философияны ұлттық мәдени кодпен үйлестіре отырып, діни ұғымдарды заманауи адамның ішкі әлеміне бейімдейді.

Жазушының бұл екі туындысында діни-философиялық мазмұн көркемдік тәсілдермен терең өріледі. Символдық бейнелер, метафоралар, ішкі монологтар арқылы адам мен Жаратушы арасындағы мәңгілік байланыс айқындалады. Кемелбаева діни ұғымдарды насихаттық деңгейде емес, көркемдік және танымдық биікте талдап, оқырманды рухани ойлануға жетелейді.

Қорытындылай келе, Айгүл Кемелбаева прозасы қазіргі қазақ әдебиетіндегі рухани ізденістің, діни сананың және философиялық ойдың біртұтас көркем өрнегі деуге тұрарлық. Оның «Мұнара» мен «Ғибадат» туындылары адам болмысының терең мәнін, сенімнің құдіретін және рухтың мәңгілікке ұмтылысын суреттеген қазақ прозасының маңызды жетістігі болып табылады. Бұл екі шығарма – оқырманды тек эстетикалық ләззатқа ғана емес, рухани оянуға, өзін-өзі тануға, терең ойға жетелейтін, руханият пен мәдениеттің, дәстүр мен жаңашылдықтың, жеке бастың ізденісі мен қоғамдық проблемалардың тоғысында туған көркем философия.

Әдебиеттер:

1. Абдуллина А.Б. А. Кемелбаева шығармаларындағы халықтық таным ұлттық код ретінде // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – № 1(146). – Б. 140-149.
2. Айгүл Кемелбаева: «Тілеші, заржақ прозасымақты ұнатпаймын» // Qalamger.kz. – Жылы көрсетілмеген. – URL: <https://qalamger.kz/literature/s-hbat/ajg-l-kemelbaeva-tilenshi-zarzha-prozasyma-ty-natpajmyn/93> (қаралған күні: 19.10.2025).

3. Айгүл Кемелбаева: «Жазушы ізгіліктің иесі болуы тиіс» // Мәдениет порталы. – 2020. – 13 наурыз. – URL: <https://madeniportal.kz/article/4737> (қаралған күні: 19.10.2025).
4. Әбу Абдулла Мұхаммед ибн Исмаил ибн Ибраһим ибн әл-Муғира әл-Бұхари. Сахих Бухари. – Алматы: Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы, 2005.
5. Балтабаева Г. Қазіргі қазақ әңгімесіндегі ислами құндылықтардың көрінісі // Ұлағат – білім, ғылым және мәдениет порталы. – 2021. – 26 тамыз. – URL: <https://ulagat.com/2021/08/26/қазіргі-қазақ-әңгімесіндегі-ислами-к/> (қаралған күні: 19.10.2025).
6. Жутаева А.К., Әбдиманұлы Ө. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі постмодернизм көріністері // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. – 2019. – № 2(174). – Б. 47-54.
7. Кемелбаева А. Мұнара: роман, әңгімелер, киносценарий. – Астана: Фолиант, 2023.
8. Кемелбаева А. Тобылғысай: повесть және әңгімелер. – Астана: Елорда, 2001.
9. Кенжебаева А.А., Шынарбекова Ж. Эми Тан және А. Кемелбаева шығармаларындағы символды қолдану ерекшеліктері // Филологиялық аспект. – 2019. – № 3(47). – URL: <https://scipress.ru/philology/articles/peculiarities-of-the-use-of-symbol-in-the-creativity-of-emi-tan-and-a-kemelbaeva.html>.
10. Қасиетті Құранның мағынасы мен түсінігі / ауд. Халифа Алтай. – Алматы: «Құран Шәриф» басым комбинаты, 1991.
11. Сейсенбиева Э.С. XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі экзегетикалық дәстүр: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы: Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, 2023.
12. Сейсенбиева Э., Мәдібаева Қ., Снабекова М. Әдеби мұрадағы дін негіздерінің тарихи сабақтастық аясындағы айқындалуы // Керуен. – 2022. – № 1(74). – Б. 146-159.

References:

1. Abdullina A.B. (2024). Folk cognition in A. Kemelbayeva's works as a national code. L.N. Gumilyov Eurasian National University Bulletin. Philology Series, 1(146), 140-149. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-146-1-140-149> (kaz)
2. Aigul Kemelbayeva: "I Do Not Like Beggar-Like, Whining Pseudo-Prose." (n.d.). Qalamger.kz. <https://qalamger.kz/literature/s-hbat/ajg-l-kemelbaeva-tilenshi-zarzha-prozasyma-tynatpajmyn/93> (Accessed: 19 October 2025). (kaz)
3. Aigul Kemelbayeva: "A Writer Must Be the Bearer of Goodness" (2020, March 13). Madeniet Portal. <https://madeniportal.kz/article/4737> (Accessed: 19 October 2025). (kaz)
4. Abu Abdullah Muhammad ibn Ismail ibn Ibrahim ibn al-Mughirah al-Bukhari. (2005). Sahih al-Bukhari. Almaty: Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan. (kaz)
5. Baltabayeva G. (2021, August 26). The Manifestation of Islamic Values in Contemporary Kazakh Short Stories. Ulagat – Education, Science and Culture Portal. <https://ulagat.com/2021/08/26/қазіргі-қазақ-әңгімесіндегі-ислами-к/> (kaz)
6. Zhutayeva A.K., & Abdimanuly O. (2019). Manifestations of Postmodernism in Contemporary Kazakh Literature. Al-Farabi Kazakh National University Bulletin, 2(174), 47-54. (kaz)
7. Kemelbayeva A. (2023). Munara: A Novel, Short Stories, and Screenplays. Foliant. (kaz)
8. Kemelbayeva A. (2001). Tobylgysai: A Novella and Short Stories. Elorda. (kaz)
9. Kenzhebeyeva A.A., & Shynarbekova Zh. (2019). Peculiarities of the Use of Symbolism in the Works of Amy Tan and A. Kemelbayeva. Philological Aspect, 3(47). <https://scipress.ru/philology/articles/peculiarities-of-the-use-of-symbol-in-the-creativity-of-emi-tan-and-a-kemelbaeva.html> (rus)
10. The Meaning and Interpretation of the Holy Qur'an. (1991). Translated by Khalifa Altai. Qur'an Sharif Printing House. (kaz)
11. Seisenbiyeva E. S. (2023). The Exegetical Tradition in Nineteenth-Century Kazakh Literature [PhD Dissertation, Kazakh National Women's Teacher Training University] (kaz)
12. Seisenbiyeva E., Madibayeva K., & Snabekova M. (2022). Clarification of the Foundations of Religion in the Literary Heritage in Historical Continuity. Keruen, 1(74), 146-159. (eng)